

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН



SARYARQA
ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНУГЕ АРНАЛҒАН ВЕБ-САЙТ

А1

қарапайым деңгей

ҚАЗАҚ, ТІЛІ



ВЕБ-САЙТ



YOUTUBE



ОҚУ-ҚҰРАЛЫНЫҢ
АУДИО ҚОСЫМШАСЫ

Мемлекеттік қызметшілер мен
ересектерге арналған оқу құралы

Игенова А.А. ♦ Ағымбаева М.Ш.

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Қазақ тілін оқытуға арналған
«Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені

A1
қарапайым деңгей

ӨОЖ 811.512.122 (075.8)
КБЖ 81.2 Каз-923
Қ22

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені
Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі
басқармасының тапсырысы бойынша әзірленді.

Кеңесші, пікір жазғандар:

З.С. Күзекова, филология ғылымдарының докторы, профессор;
Б.М. Айтбаева, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған
профессор.

Авторлары: Игенова Алмагүл Ақмашқызы,
Ағымбаева Мунира Шайхсламқызы

Көркемдеуші дизайнер: А.Х.Есмагамбетов

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені.

Қарапайым деңгей (А1)

2023. – 177 б

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешенінің қарапайым деңгейге арналған оқу құралы тілді меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктерінің ұлттық стандартының талаптарына сәйкес әзірленіп, ересектерге тілді деңгейлеп оқытуды негізге алған.

Оқу құралында тыңдалым, оқылым, жазылым, сөйлесім бойынша, сондай-ақ лексика-грамматикалық құрылым түрлеріне қатысты материалдар топтастырылған және тестілеуден өту дағдысын қалыптастыру мақсатында аралық тест тапсырмалары ұсынылды.

Оқу құралының аудиомәтіндері мен бейнематериалдары веб-сайтта орналастырылған. Сілтемеге QR-код арқылы өте алады. Тіл үйренушіге де, оқытушыға да дәрісті тиімді ұйымдастыруға ыңғайлы.

Куәлік №42847
ISBN 978-601-09-3005-6

© «Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы» ММ, 2023

© «Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығы» ЖК, 2023



1. Тыңдаңыз, жазыңыз.



2. Сәйкестендіріңіз.

Айжан – аспаз. Ол
Досым құрылысшы. Ол
Арман шаштараз. Ол
Құрбым мұғалім. Ол
Анам сатушы. Ол
Атам суретші. Ол
Әпкем дәрігер. Ол

шаш қияды.
үй салады.
сурет салады.
емдейді.
сабақ береді.
киім сатады.
тамақ пісіреді.



3. Сәйкестендіріңіз.

шаш
сабақ
киім
сурет
тамақ
науқасты
үй

береді
салады
пісіреді
сатады
салады
қияды
емдейді



4. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

Дәрігер
Шаштараз
Мұғалім
Сатушы
Аспаз

мейрамханада
мектепте
емханада
салонда
дүкенде

емдейді.
сабақ береді.
шаш қияды.
тамақ пісіреді.
сатады.



5. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

Іс-әрекет	Өткен шақ	Келер шақ	Нақ осы шақ
сабақ беру	сабақ бердім	сабақ беремін	сабақ беріп жатырмын
тамақ пісіру			
шаш қию			
киім сату			
сурет салу			
үй салу			




Менің кәсібім



Менің атым – Гүлырыс. Отбасым үлкен. Менің төрт балам бар. Менің мамандығым – қаржыгер. Жас кәсіпкермін. Үйлену тойына, мерейтойға, тілашарға, туған күнге, қыз ұзатуға, тұсаукесерге, мерекелерге тапсырыс қабылдаймын. Түрлі тәттілер, торт пісіремін.



Туған күніңіз, мерейтойыңыз құтты болсын деген жазуы бар тортқа тапсырыс көп береді. Түрлі шұжықтар, құрт, талқан жасаймын. Үлкен тапсырыстар қабылдаймын, үйлену тойларына дастарқан жаямыз.





5. Тыңдаңыз, бос орындарды толтырыңыз.

Маған ұлттық тағамдар _____. Үйлену тойына түрлі _____
_____. Курстар _____ . Курстарым қымбат емес.
Курстарға жас аналар көп _____. Маған өз кәсібім _____.
Жақында менің арманым _____. Ірі сауда үйінде бутигімді
_____. Өзім де курстарға жиі _____.



7. Сөйлемдерді ретімен жазыңыз.

тойына/Үйлену/ шұжықтар/ пісіремін / түрлі _____
тағамдар/ Маған/ ұлттық / ұнайды _____
көп/ Курстарға/ қатысады/ жас аналар/ _____
жақсы/ саяхаттағанды / көремін / Мен _____
тойларға/ пісіремін/ Мен/ туған күнге/ түрлі/ шұжықтар/ _____

жұбайым/ Маған / қызым /көмектеседі _____



8. Үлгінің көмегімен кестені толтырыңыз.

сөйлем	Келер шақ	Өткен шақ	Нақ осы шақ
шұжық жасау	шұжық жасаймын	шұжық жасадым	шұжық жасап жатырмын
көмектесу			
курсқа қатысу			
курс ұйымдастыру			
саяхат жасау			
сертификат табыстау			
тапсырыс беру			
дастарқан жаю			



9. Тиісті есімдіктерді жазыңыз.

	Мен	Сен	Сіз	Ол
_____ дастарқан жаясыз ба?				_____ анаңа көмектесесің бе?
_____ бүгін торт пісіремін.				_____ курс ұйымдастырасыз ба?
_____ ертең тапсырыс қабылдайды.				_____ саяхат жасайды.
_____ курсқа қатысасыз ба?				_____ бүгін тойға дастарқан жаямын.
_____ сертификат табыстайды.				_____ курсқа қатысады.



10. Берілген сөз орамдарымен сұқбаттасыңыз.

Бос уақытыңызда не істейсіз? Қосымша қандай кәсіппен айналысасыз?
Сіздің кәсібіңіз не? Қандай курстарға қатысасыз?
Сіз қандай кәсіппен айналысасыз? Сіздің кәсіп ашқыңыз келе ме?